


БОЗ
БЕК ТОҒЫСБАЕВ
ЖОРГА



**БЕК
ТОҒЫСБАЕВ**

БОЗ ЖОРҒА

ПОВЕСТЕР МЕН ӨҢГІМЕЛЕР

*“НАЗУШЫ” БАСПАСЫ
Алматы — 1979,*

**ББК 83,3 Каз
Т 50**

T 70303-181 402(07)79 226-79 4702023020 © — «Жазушы» 1979,

ПОВЕСТЕР



Бұл еңбегімді Ұлы Отан соғысында қаза тапқан аяулы әкем Тогысбайға, әз анатам Құлшәрігे арнаймын.

Автор.

ӨНЕҢ ДЕ БАЛА БОЛҒАН

Жаңым, балам! Әкец қаған ренжул!, себебі, артқан үміті акталмай ма деп уайым жейді. Жасың он жетіге толмай жатып өз бетіңмен кеткің келеді, әке-шешенңің айтқан тілін алмауға айналдың. Тан жарығында ерте тұрып мектепке кетесің, тал түсте төбенді бір көріп қала-мыз, сонан соң аллауакпар, жоқсың. Қайда жүрдің, не бітіріп қайттың — айтпайсың; жатар мезгілде келіп апым-құпыл ас ішесің де, үйқыға кетесің. Әлденеше рет әнгімеге-де тартып көрдім — ашылып ештеңе айтпадың. Сенің жасыңда бала деген ертеңін ойлап, келешекте кім болатынын кесіп-пішетін. Ал сенің қаперінде дәнеңе де жоқ. Қайта бұдан балалау кезіндеге ашық-жарқын едің, «солдат боламын, милиционер боламын» деп олардың қару асынғанына қызығатынсың, ал қазір қандай мамандықты қалайтының да мәлімсіз, қай пәндерге икемің барын да білмейміз, кейде «төрт», кейде «үш» деген ба-рамен жосып жүрсін...

Кеше ғана класс жетекшінмен сөйлесіп қайттым, «мектепте тыныш журмейді, кейбір сабактан кетіп қала-ды, мұғаліммен ерегеседі, үйге берілген талсырмаларды шала орындаиды» деп өзімді жерге қаратты. Бұл қалпың мен оныншыны да ондырып бітірмейсің-ау. Бастауыш кластарда зерек, зейінді секілді едің,— не болды қаған? Әлде бұл — балалық шағынмен коштасу белгісі ме? Жігіт болар алдындағы взгеріс пе? Жарығым ау, бірауық ертеңінді ойласаң ет-ті! Әке-шешең қашанғы жаңыңа байланып жүреді? Қундердің күнінде жеке үй боласың, бала-шаган қолыңа қарайды, сонда да осындаи босбел-беу болып жүрсөң қу тіршілік желді күнгі қаңбақтай

айдамай ма? Әйтеуір, жан бағарсың-ау, бірак өз балаларыңды үядан үшірып, адам қатарынна қосқанина қанша ацы тер төгу керектігін білесін бе?

Рас, сен әзірше азған да, тоған да жоқсын, бұл жерде тек әке-шешене сеніп жалқау тартып жүргенінді гана айтып отырмын. Ақылың толғанша әлі талай өткелден отерсің, бірақ сен оған дейін өз әкеңнің қалай өмір сүргенін біліп ал. Әке жолы өз баласына үлгі-өнеге болуы керек деп ойлаймын, сонда ғана біз сендерді «өміріміздің жалғасы» деп айта алымыз.

Әкең сенің жер-жанға аты жайылған адам емес, қатардағы ғалым, Некрасов айтқандай, «акын болмасаң мейлі, ал әзамат болу — міндетің». Мен қазір қырықтың қырқасындамын, жүріп өткен жолға қайырылып бір қарасам, менің жасымдағылардың да небір кешу-өткелдері бар екен. Қар жастанып, мұз төсөніп, от кешпесек те, соғыс жылдарындағы, соғыстан кейінгі ел, Отан тіршілігіне біздің де толық қатысымыз бар. Қөп іске кү болсак, көп іске қолма-қол араласып та кетіппіз. Бала кезімізден тіршіліктің ацы дәмін таттық, енбек ете жүре есейдік... Сендердің қазіргі алаңсыз, мамыражай өмірле-рін, баршамыздың тоқшылыққа кенелген қызық тіршілігіміз жарқ-жүрк оттың жалынымен ғана емес, күнделікті қарапайым кол-еңбегімен де келген...

Мен мұның бәрін саған ауызекі айтып жеткізе алмаймын, майын тамызып жазатын қаламтер де емеспін, шамам келгенінше шетінен тізіп баяндал бермекпін. Олпы-солпы жерлері болса, біздің мектепте катар оқыған жазушы жігіт бар, сол жөнде берер, мүмкін өз кәдесіне жаратар... Қалай да осыны өзін оқып шық. Оқып қана қоймай, ойлан. Кейін қырықтан асканда сен де өз балаларыңда бастан кешкендерінді баяндал бер. Бұл -- біздің семьялық дәстүрімізге айналсын.

* * *

Өз әкем Конысбай еміс-еміс есімде: еңсегей бойлы, кең мандай, қыр мұрын, қараторы кісі-тұғын. Төсінде түймелі қалталары бар қара сүр гимнастерка, сүр шалбар, жап-жалтыр жұқа хром етік киіп жүретін. Әсіреле, есімде қалғаны — беліндегі жез басты жалпақ белбеуі, түнде келе жатқанда ай сәулесімен жалт-жұлт шағылысып маған керемет әсер ететін. Неге екенін қайдам көкем үнемі жалаңбас жүрүші еді, Туғанымнан мені

қолынан тастамапты. Бесікке бөлестпей, төсек үстінб
ұйықтатып, оянсам кең жейдесінің стегіне салып әлди-
лейді екен. Шешеме тек емізерде ғана ұстатқан.

Тәй-тәй басқанымнан бастап өзі мұғалім болып қыз-
мет істейтін мектепке бірге ала барады екен. Отызыны
жылдардың аяғында бастауыш кластарда ересек балалар
оқитын, солар мені алма-кезек көтеріп, ойнатып алдан-
дырыпты. Сәбилік тәтті өмір осылайша жалғаса берер
ме еді, егер әке-шешемнің арасында кикілжің бастал-
маса...

Әкем Конысбай, шешем Құлпан жасында бірін-бірі
ғүйіп қосылған. Туған шешесінен үш жасында жетім
қалған әкем жасынан ширақ атбейі, балуан болып өссе
көрек. Ең бастысы — жиын-тойдың сәні екен. Ол отырған,
бол жүрген жер әзіл-күлкі, ән-күй ордасына айналған.
Айтыс өлеңіне де икемі бар ол талай қыз-келіншектерді
топ ішінде сүріндіргенін елдегі адамдар осы қунге дейін
аузынан тастамайды. Алматыдағы мұғалімдік курсы
отыз бесінші жылы тәмәмдаған әкем Оңтүстік Балқаш
жағалауындағы шалғай ауылдардың ішінде қөзі ашық
білімді адамдардың бірі болған.

Шешем Құлпан кезінде мұсылманша да тіл сындыр-
маған, байдың ерке-тотай қызы екен. Экесі кәмпескелен-
генде әрі жетім, әрі кедей Конысбайға «жан сактау үшін»
қалыңсыз тұрмыска шығыпты. Құні бүгінге дейін шешем
бул шындықты ашып-айырып айтпайды, «әкең мені өлең-
мен жеңіп алған» дей салады. Жасынан үл орнына жүріп,
асау кердегі бұлғандаң өскен ол алғашқыда тұрмыс тап-
шылығына шыдамаса көрек. Бірақ күрең қабақтың түп-
тамыры тұрмыс тапшылығында емес (елдің бәрі кедей
рай), әкемнің тым сері мінезділігінде жатса көрек.

Қыстың күні теңіз катқанда аргы беттегі малы көп ар-
қа адамдары Іле—Балқаштың диқаншыларына мұз үсті-
мен қатынап жорға-жүйріктегін ак тары, қызыл бидайға
айырбастап қайтады екен. Олардың келіп-кетуі жай
сауда-саттық емес, той-думанға айналған. Арқаның
атақты сал-серілерінен ауысқан ән-күйлерін де ала кел-
ген. Экем бозбала кезінде соларға ілесіп ел аралапты.
Өз бойындағы табигат берген өнерін Арқадан келгендер
ұштап кетсе көрек.

Әкем үйленгеннен кейін де ел аралап, сауық-сайран
құруын қоймаған. Оның үстіне, шешем жеті жыл құрсақ
көтермей, отыз алтының жылдың қысында ғана дүниеге
мен келіппін. Атымды Теміртас қойран бірінші себебі,

темірдей берік болып өссін деген ырымға сенсе, екінші себеп — әкем Біржан салдың «Теміртас» деген әнін өте-мөте жақсы көреді еken. Әлденеден уайым жегенде үй ішінде ойнап жүрген маған қарап отырып:

Теміртас, Асыл, Ақық, қаректарым,
Үкідей жақсы көріп балақтадым...
Бірге өскен құрбыс-құрдаң, замандастар
Есіктен қарай ма деп алақтадым,—

деп, домбыраға косылып қуціренгенде көзіне жас үйіріле-тін еді дейді көрген ел. «Егер Теміртасымнан кейін қызы балаларым болса аттарын Асыл, Ақық қоямын» дейді еken. Бірақ менен кейінгі қызы бала болмай, шешем тары бір үл туып, атын маған үйқастырып Болаттас койыпты.

Екі үл туып берген апам енді еркінси бастайды. Бала жоқ кезде әкеме ілесіп ауыл-елді аралауды әдетке айналдырган, өзі де сауық-сайран құруға бір табан жақын апам кейінгі бала еңбектеуге жарағанинан кейін-ақ екеумізге қарауды койған. Екі баланы мектептегі ересек қыздарға тастанап, тіпті әкем жокта да қайда жиын-той болса сонда кетеді еken.

Әкем аудандық оқу бөліміне көктемде бір, жазда бір қатынайды еken. Ол кезде машина, самолет мүлде жоқ, жалғыз көлік — ат. Жол-жөнекей талай сулардан өтетін, ары-берісі бес жұз шақырым жерге бір қатынаудың өзі он-он бес күн уақыт алған. Апамның еркін қызыратыны осы кез.

«Бала қатты қорыққанын өмірі ұмытпайды» деген сөз рас болу керек, төрт жасындағы бір уақыға әлі қүнге дейін көз алдында. Жазда көкем ауданға кеткенде апам Болат екеумізді қараңғы үйге үйкітатып, есікті сыртынан іліп кетіпти. Бір нэрседен шошып оянсан керек, үй іші ала көлеңке, терезеден ай төніп тұр. Жан-жағымды сипап едім, кешкүрим жанымда жатқан апам жоқ! Кенет үй іші тас қараңғы үнгір тәрізденіп, бұрыш-бұрыштан көздері от шашқан бір топ қасқыр қарап тұрғандай болды. Аспандарғы шарбы бұлтка бір кіріп, бір шыққан ай сәулесі үнгір ішінде құбылып ойнагандай одан әрмен үрей туғызды. Тұла бойымды қорқыныш билеп, бақырып жылағаным бар. Бұған Болат оянып, екеуміз қосыла жылаپ, тар бөлмені азан-қазан шуға толтырдық. Ешкім дыбыс бермеген соң, мен терсезе алдына келіп, леп кірсін деп алып койған эйнектен сұғынып сыртқа қарадым. Да-ла сүттей жарық еken. Иығымды қүшитып әрі-бері ырғап

Едім денем терезеден тұтас өтіп, қара жेरге аунаң түстім.
Қорықканда қай жерің ауырғанын да білмейді екенсін.
Жерге түскен соң арт жағымда бақырып тұрған денесі
менен әлдеқайда ықшам Волатты қолынан тартып, мық-
шыңдан жатып өзөр дегенде сыртқа шығардым. Екеуміз
көше бойлап, аңырап жылап, ауыл иттерін шулатып келе
жатқанда көкемнің Шайсыдық деген жолдасы үрейі
үшкән екеумізді үйіне алып келді. Қөпкө дейін өксуін
баса алмаған біздерге сүт ішкізіп, кәмпіт беріп зорға
ұйықтатқан-ды. Тойдан таң ата қайтқан апам балаларын
үйден таба алмай, зар еңіреп, есіктен есік қоймай ізде-
ген. «Өзіңе де сол керек» деп, Шайсыдық біздің қайда
екенімізді айтпай қойған. Жалғыз өзі шарқ ұрып, ауыл-
ды айнала іздел, «бұларды адасып жүргенде қасқыр жен
кеткен екен» деп күн шыға есінен танып құлағандаған
Шайсыдық шындықты айтқан. Бұл оқиғаның арты
ушығып, көкем мен апамның алты ай бойы ажырасып
кетуіне себеп болыпты. Ажырасқанда мен көкемнің, Бо-
лат шешемнің қолында кетіппіз... Сол кезде аяқ астынан
қызылша деген жаман ауру жабысып, ешкімге сенбей
өзі күтіп-бағатын көкемнің қолындағы мен аман қалып-
пын да, әркімнің қолында жүріп күтімі жөнді болмаған
Болат дүние салыпты!

Іле-шала соғыс басталып кетіп жеке бастың уайым-
қайғысын халық басына төнген қасірет женген..., Экем
майданға аттанарында ұзақ таңға жырлап, жылаған
дейді. Тыңдаған ел әсіресе «Теміртасты» қайта-қайта
айтқанын еске алады.

Қара су есік алды ылайлаңды
Бай болмак, батыр болмак құдайдан-ды...
Қамзолдай келте пішken дөнгеленіп
Дүние етерінде шыр айналды!
Қара нар жүк көтермес саздаган соң,
Су шықпас ойпаң жерді қазбағаң соң.
Жете алмай арманыма өтіп барам
Маңдайға әуел баста жазбаған соң!

Көкемнің арманы көп екен. Оқуын одан әрі жалғас-
тырып, ғылым жолын қусам деп айтқанын естігендер
бар... Аузына «құдай салып» тұр ма, кім біледі, әкем ар-
манына жете алмай, 1943 жылы Отан қорғау жолында,
Ленинград түбінде ерлікпен қаза болды деген «қара
қағаз» алдық...

Көкем туралы ес біле бастағанда көп естідім. «Сен
дессе көкеңнің шығарға жаны жоқ еді» деседі. Бір жолы

ауыл мұғалімдері аудан орталығына атпен бара жатып, Ілден ете алмай жағада көп түрып қалады. Қайықшы жок, қайық арғы бетте байлаулы түр. Қоктем ызғары көудені қысып барады, көп тұруға уақыт та жок. Ары айқайлап, бері айқайлап дауысы қарлыққан мұғалімдер:

— Қонысбай, ішімізде сенен жүзгішіміз жоқ, арғы беттен қайықты алып келсен қайтеді? — деп көкеме қолқа салады. Мезгіл март айы, Ілден әлі сен жүріп жатса көрек. Мұздай суға бірден түсіп кету қайда, көкем әрі-бері кипактап тұрғанда мұғалімдердін бірі:

— Қане, Темірінің жасы ұзақ болсын, күтқар бізді мына қамаудан! — десе, менің атым аталған соң-ақ көкем киімін шешіп тастай суға қойып кетіпті. Ені жарты шақырымдай келетін дариядан сең-септің арасымен жүзіп барып арғы беттегі қайықты әкелген екен. Жағаға шыққанда тісіл-тісіне тимей дірілдеп-қалышылдан олетін болған соң, жолдастары өмірі аузына алмайтын арақтан үрттатыпты, денесін де спиртпен ысқылаған... Содан қалған зардал, па, көкемнің анда-санда жөтелетіні бар-тұғын.

Бертініректе өзім Іле — Балқаш бойын аралағанда әкемнің ел ішінде, жора-жолдастары арасында қаншалықты қадыры болғанын көзіммен көріп, жүргегіммен сездім. Қекем қолы ашық жомарт, өзім деген жігітке мінгін атын түсіп беретін мәрт кісі екен. Тірі қалғаннан Байсын қурдасы елуінші жылдары жылқы барады екен, мен барғанда бір малын шалып, кәдуілгідей той жасады. «Тұлпардан қалған тұяқ» деп, мені жеке құрметтеп, тай мінгізіп, «жалғыз баланы жетімсірептей ел ішіне әкелген» шешеме де сый-сияпат қөрсетті. Жақын маңайдағы малшылар жиналып өздерінше сауық құрды, он-он бес ат байгеге қосылып, соны қекларға айналды. Елуінші жылдардағы елдін тұрмыс-жайы белгілі, бірге туғаным да емес, жай үзенгі жолдастының баласын көргеніне той жасаған ауыл адамдарынан айналмайсың ба?! «Жақсы әке жаман балаға қырық жыл азық» деген сөз бар. «Әкең өлсе де әкемнің көзін көрген өлмесін» деп те айтады. Сол жылы он жетігә аяқ басқан едім, әке қадірін, әке касиетін анық сезгендей болдым. Ойлап отырсам, қазір де көңілім босайды. Сол адамдарға мен не жақсылық қөрсеттім? «Сыйға — сый, сырға — бал» дегендей, сол адамгершіліктің, кісліліктің қарымын қалай қайтарамын?.. Қазірде қекемнің үзенгі жолдастары мұлде сиреп қалды, көзі тіріліде істемеген жақсылықтың топырақ жамыл-

ғанда қандай қажеті бар? Иә... бар жақсылық кейінгі үрпақтарына бұйырын!

Балам, сенің есінде болатын тағы бір жағдай бар. Айы-күні жақындағанда шешенді ауылға апарып тастағанмын... Бала — Топардағы ауруханада туыпты. Сол күні мен самолетпен ұшып жеттім. «Қонысбайдан үрпақ тарады!» деп, бірнеше күннен кейін немере туысы Шатыrbай, үзенгі жолдасы Тұрарбек ат шаптырып ғой жасады... Ел адамдарының осындағы ер мінезі мен жайсаң істері есіме түскен сайын кеудемді шаттық кернеп, жүргім атша тулады. Осынау ағалардың дариядай тасыған көнілі, риясyz істері мәңгі үлгі аларлық... Бұл күнде марқұм болған Байсын, Тұрарбек, Шатыrbайлардан тараған үрпаққа бас-көз, ақылшы аға болуга жарай алам ба, жоқ па?..

Қалай болғанда да, балам, сен елден қол үзбе. Қала-да тұрады екем деп қаранды көрсетпегенің сүйекке танба болады. Біздің ауыл Алматыдан бес жұз шақырым шалғайда, былайғы жүрт «Қамау» деп ататын қиян түпкірде. «Қамау» дейтін себебі Іле дариясынан Арал төбе тұсында бөлініп шығатын Ақсерке, Жиделі өзендері Балқашқа бөлек құяды. Терісқейі — Балқаш, күншығысы — Жиделі, онтүстік батысы — Іле сегізінші, тоғызыншы ауылдар орналаскан жерлерді жеке арал десе де болғандай. Ондағы ел сырттағылармен өзен-сулар арқылы қайықпен, не атжадақ катынасқан. Ата-бабаларымыз, сірә, бұл жерді малға, тіршілікке жайлы болған соң мекендесе керек. Себебі «Қамау» деп аталағын әлгі арал — қалың жиде, ну қамыс, сынсыған жынғыл, сексеуіл. Ұшқан құс, жүгірген аң түгел осында. Жабайы шошка, қасқыр дейсің бе, қоян, тұлқі, елік керек ие — бәрі табылады. Ертеде бұл жақта жолбарыс та көп скен, ең соңғысын соғыс басталар алдында ғана атын өлтіріпти. Ұзыны — жұз, көлденені — елу шақырымдай келетін бұл аралда жұз шақты шүнегт, көлдер бар, ерте көктемнен сүйк күзге дейін қаз, үйрек бір үзілмейді. Ад балық, қырғауыл дегенің жыртылып айрылғандай... Қазір соның біразы азайды, дегенмен, балам, барсан талай қызықты көрер едін. Ата-бабасының өсіп-өнгөн жерін білмей, қасиет-сырын жүрегімен сезбей тұрып елді, жерді сүйем дегендеге өз басым онша сеніңкіремеймін. Егер халықтың нағыз ұлы болам десен өлді, жерді жиі арала.

Әкемді соңғы рет көргенім есімнен қалмайды. Апам Шоқпар станциясындағы ауруханада жатқан. Мезгіл күз айы. Уш күн ұдайы жел соғып, әлдеқайдан бауыры жер сыйған қара бұлттарды жөңкілте, айдал әкеледі де жердүниені лай басты. Біз әжем екеуміз шығыстан келетін составты ертеңнен түс ауғанша күттік. Әжемнің қолындағы телеграммада поездың Шоқпардан қай күні өтетіні айтылған да, қай мезгілде, қай сағатта келетіні көрсетілмеген.

«Әже» деп отырғаным — апамның шешесі Райхан. Қоқем соғыс басталысымен апам екеумізді темір жолға жақын отыратын осы кісінің қолына көшіріп әкелген-ді. Бір ай өткен соң өзі де әскерге осы арадан аттанды. Әуелі Алматы жақта үш айдай әскери жаттығудан өтіп, енді батысқа, майданға бет алуы осы.

Кейбір составтар тоқтамай ағып өтіп жатыр. Әжемнің зар илеп тілейтіні — бір минутке болса да поездың аялдауы... Күн үясына еңкейе бере шығыс жақтағы тау жақпарларының арасынан шұбатылған қызыл вагондар көрінді. Сүйретіп келе жатқан «қара айғырдың» ысқыра айқайлауына қарағанда «тоқтамаймын! Жол беріңдер!» деп корқытатындей. Әжем: «Иә, жасаған, жар бола гөр!»— деп қайта-қайта құлышылық етіп тұр. Сол кезде батыс жақтан да паровоздың айдаланы жаңғырта айқайлағаны естілді. Әжемнің қуанғанынан көз жасы ыршып кетті: қарсы келе жатқан поездар станцияға тоқтамай өтпейді! Бес жастағы мені иығына көтеріп шағын перронның я басына, я аяғына жүгірерін білмей сасқалақтап жүр. «Құдай бергенде» шығыстан келе жатқан поезд станцияға бұрын жетіп, бергі жолға тоқтады. Қызыл вагондардың сырмалы есіктері сарт-сұрт ашылып әскери киімді адамдар бір-бір топатайын көтеріп су атқылаған жалғыз құбырдың айналасына бал арасында үймелеп кетті. Қоқем солдаттың арасына адасып қалған әжем мені иығына салып көтеріп: «Қонысбай! Қонысбай!» деп айғай салып жүгіріп жүр. Онын дауысына құлақ түрген ешкім жоқ, қара терге түсіп ана вагонға бір, мына вагонға бір барады. Сол кезде үзын составтың арт жағынан жүгіріп келе жатқан қоқемді мен бұрын көрдім. «Қоқе! Қоқе!» деп айғайлап жылап жібергенімде, әжем де көзінен жасы парлап үні шықпай қалды. Әжемнің иығынан секіріп түсіп қоқеме қарсы тұра ұмтылдым. Қоқем жер-

ден мені қаңбақ құрлы көрмей көтеріп алып кеудесіне мінгізді де, құшырлана кеп сүйе! Қөзінен ыршып түскен жас бетіме, мойныма тамғаны естен кете ме! Мен де мойнынан тас құшақтап алыпсын, айрылар емеспін. Сол кезде қонырау соғылып, солдаттар қоғадай жапырылып вагондарына мініп жатты. Қайын енесінің қасында тұрғаны сонда ғана есіне түскендей көкем мені бір қолына алып, бір қолымен әжемді құшақтады... «Хош, апа! Темірімді бауырыңан шығарма!» деген сөзі құлағымда қалыпты. Поезд жүрісін жылдамдатып, соңғы вагонның құйрығы көрінгенде көкем тағы бір құшырлана сүйіп әжемнің қолына ұстартты да, ұзап кеткен составты қуа жөнелді. Көкемнің шпалдарды аттап-бұттап жүгіргені сонда маған құстың ұщқанындай болып елестеді. Әл-сәтте ол составты қуып жеткенде соңғы вагонда тұрған солдаттар қолдарын созып жабыла көтеріп әкетті. Қан майданда да солдаттар осылайша бірін-бірі сүйеп, қолдап, көтеріп әкететіндей көрінді.

Әжем екеуміз жылап-еңіреп перронда қеп тұрдық. Поезд айналма жолға бұрылғанға дейін көкемнің қол бұлғап бара жатқаны осы күнге дейін көз алдында.

Әжем сонда ғана қолындағы көкем берген түйіншекке көніл аударды: ішіндегілер койлек-көншек, ойыншық, мәмпәси екен. «Өзі таршылықта жүріп біздің қамымызды ойлаған жарығым-ай!»— деп әжем тағы да көзіңе жас алып, алыста бұлдырап бара жатқан қызыл составтың сонына ұзақ қарады. Өз кіндігінен өле-өле бірде бір үл бала қалмаған кейуананың жарығы шынында да көкем еді...

Шешем ауруханадан шыққан соң колхоз жұмысына араласты да, көп ұзамай бастықтың мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары болып сайланды. Енді ол қысы-жазы үй қарасын көруді азайтты, көбінесе қырда, малды ауылдарда жүреді. Оқта-текте бір соғып, қантшай, құрт-май әкеп тастағаны болмаса, үйге сирек түнейді. Әйтеуір, бізді аш қылған жоқ.

...Мен келер жылы алты жасымда мектепке бардым. Біз отырған «Темірқазық» колхозы —«Қарауылтөбе», «Талапкер», «Ботабаурым» колхоздарының ауыл совет орталығы болатын. Соғыс алдында ғана дөң басынан әж шатырлы мектеп үйі салынды. Мектепке барған бала-лардың ең кішісі де, әлжуазы да мен. Төрт жасымда өмірімді қыып кете жаздаған қызылша ауруының зарда-бынаң шидей болып қатып қалсам керек.

Көктем түа козы жаямыз. Астық орылып біткенде ат-қа жарамды балаларды қырманға әкеліп дөңбек тас айдатады. Ауыл ұсталары таудың көк тасынан ойып, қырлаған дөңбек жегілген ат үстінде бидай шөмелені айналып ертеңен кешке дейін жүруден артық азап бар ма екен?! Бір сарынмен, бір ізбен айнала берген соң басың-зеніп, есін ауып құлай жаздайсың, әрі-беріден соң үйқың келеді. Қалғи бастасаң-ақ қырманшы тырманың сабымын тұртіп қалады. Қалғып отырып аттан құлап дөңбек тастың астында қала жаздаған күндер де болды.

Корлықтың көкесін ат суарғанда көремін. Ауыздырын алуын алсам да, қайта сала алмай әуремін. Қыршаңкы неме мені баласына ма, басын кегжендетіп, кейде тіпті жүгенді басымен қағып тастайды. Бұған ересек балалар құліп мені мазактайды.

Астық бастырылып болған соң жаппай масақ теруге шығамыз. Қол орақтан қалған аныздағы бидай сабактарын тери де қиямет. Шыжыған ыстықта белің бүгіліп, таңдайың кеүіп, күнге қақталу да оцай емес-ау.

Енді ойлап отырысам, сонау бала кездегі мандайдан аққан ащы тер, бір үзім нанның қадірі өмір бойы сабак болған екен. Жасында көрген қыншилығың қас қағымдай уақытта өте шығады, оның есесіне денең ширап, күн мен желге лісіп өсесін. Ауыл балаларының мығым, тәзімді келетіні де сол жастайынан ауыр енбектің дәмін татқандықтан болу керек. Ал сен стадионнан басқа жердегі дene қимылын көрген жоқсы...

«Темірқазық» тұрған жердің теріскейі — Шу — Іле тауларының қатпар-қатпар сілемі де, тұстігі — Қырғыз Алатауына дейін созылып жатқан Үлкен, Кіші, Бала Жайсаңдарға үласады. Осынау жазық қыр далаға халық ертеден бидай, арпа егеді екен. Бізге жақын Шоқпар асуының аржағы Аңрақай, Қордай тауларына тіреліп, ортада Отар жазығымен жалғасып кетеді.

«Темірқазық» тұрған жер Ақтам деп те аталағы. Оның себебі, 1928 жылы Турксіб тартылғанда Шоқпар асуына соқпай айналып өту үшін темір жол осы арамен жүргізілмек екен. Сонда жоғары жақтағы таулардан бас алатын жіңішке өзеннің бойына ылғи қарағайдан барақ салынып, жұмысшылар оны әктең койса керек. Қөшпелі қазактар бұл мекенді «Ақтам» деп сондықтан атаған. Кейін Шоқпар асуы дәрімен қопарылып, ирек-ирек темір жөл түскенде бұл ара жаңа үйымдасқан колхоз орталығы болып қалған. «Осы ара бізге біржола темір қазық

болсын, енді ешқайда көшпейміз», — деп Ақтамның атын өзгерти. Қазақтар балшық езіп, саман кірпіштен там көтергенде Ақтамның қарағайлары төбе жабуға жаралған.

Сол Ақтамның жаңынан ағатын тау өзені жінішке болғанмен, аты дардай еді. Ертеде оны Алтай деген бай жайласа керек, өзен аты да солай аталыпты. Ақтамнан сәл төмөнректе биік дөңнің басында Алтай байдың күмбезі тұр — қозы, лақ жайған балалардың баспанасы да, ойнайтын үйшігі де сол. Үлкендер «аруақ атады» деп қанша корқытса да, айдалада тұрған жалғыз күмбезден ешқайсымыз үрейленбейміз. Киіз үй құсатып күйген кірпіштен өрген күмбездің іші кең-таза... Сол күмбездің етегінде айналасы ат шалтырымдай жазық бар. Сол жерге біздің ауыл бау-бақша еgetін.

Қар еріп, күн жылынысымен-ақ әжем кетпен, күргегін арқалап, торсыққа айран-шалабын толтырып, күрт-май, ірімшік, шай алып бақша айдайтын жерге баратын да, кос тігіп жататын. Сабактан қолым босағанда мен де әжемнің қасында боламын. Эжем таң қараңғысынан тұрып күн батқанша бақша ішінен шықпайды. Күрекпен қопсытылған жерге отырғызбайтыны жоқ: қауын, қарбыз, асқабақ, жүгері, қияр, помидор, темекіге дейін егеді. Біздің үйде темекі тартатын бірде бір адам жоқ болса да, әжем майданға кеткен бауырлары мен қайындары үшін көк темекінің жапырағын жеке дорбага салып сақтаушы еді. Ол темекінің қызы-жазы қызығын көретін мен — ересек балалардың асығына айырбас жасаймын. Көп ұзамай олар берген асығын қайыра ұтып алады, тағы да әжемнің қорада ілулі тұрғаң қап-дорбасына қол саламын. Аттың қыын келтіріп, үгітіп көк темекіге қосып тартатын сомадай балалардың алдында әжептеуір беделім бар.

Жалпы мен үйдегіні түзге тасуға әуес едім. Бір күні қаптағы қуырған жүгеріні екі қалтама толтырып алып өзен жағасына қарай зытып бара жатсам маңайдағы тауық атаулы соңымнан ілесіп күлкіге ұшырадым. Себебі асық та, тас та, темекі де салатын жанқалтамның түбі тесіліп қалғанын білмеппін ғой!

Асықтан жалықсақ ләңгі тебеміз, Біздің қой, ешкі қамайтын қорамыз кендеу, әсіресе, қар қалында жиналастын жеріміз сол. Эжем «ақыр табандарыңды жер теуіп тоздырады екенсіндер, одан да қораның көнін тантанадар» деп күллі баланың жиналуына рұқсат беретін.

Бұл — бізге де ынғайлы, ләңгі төпкенімізді мұғалімдер көрсө үрсады немесе ләңгімізді тартып алып қояды.

Ауыл балаларының тағы бір қызық ойыны бар, ол — жаяу көкпар. Ешкінің түбіті мен қылышығын араластырып өрген, екі үшін түйілген, үзындығы уш-төрт баланың ғана қолы сиятында «көкпарды» ортаға көмеміз. Өзенге тұмсығын тірей құлаған шағын ғана бөлек тау біздің ауылды екіге бөліп тұратын. Қызыл тұмсықтың жоғарғы жағы — «қыр ауыл» да, төменгі жағы — «ой ауыл». Екі ортада аумакты сай бар. Біздің ойынға жиналатын жеріміз де сол ара. Жаяу көкпардың өз «додасы», өз «салмасы» бар. Қолдарымыз қызырып қанағанша тартысамыз. Қолының қаруы бар иықты балалар додаға түсіп тартысады, да, әлі жеткені алып шығып даяр тұрған үшқыр балаға үстата қояды. Бірақ оны да аңдың тұрғандар бар — қарға адым ұзатпай бас салады. Додақайта басталады... Бесінде басталған ойын түн қарандысында бір-ақ тарқаушы еді. Онда да шешелеріміз дауыстап, атымызды атап шақырған соң ғана арса-арса болып үйді-үйімізге қайтамыз...

Бесіншіге өтерде бізге төңіректегі майда колхоздардың төртіншіні бітірген балалары келіп косылды. Тура біздің үйдің жанындағы отардағы малға көшкен бір кісінің үйін кеңейтіп, жөндеп, актап келген балаларға интернат ашты. «Бөтен балалардың» ортамызға келіп қоныу — сүттей үйыған татулығымызды бұзуға айналды.

Сырттан келген оншакты баланың ішінде Жорабек, Жайлайубек деген екі бала бірден көзге шалынды. Алдыңғысы көп ұзамай «келімсектердің» атаманы болып алды да, соңғысы соның «шабарманы» атанды. Интернаттағылар сол екеуінің аузына қарайды. Үйім жақын болған соң мен де біраз күн «келімсектер лагерінің» ішінде жүріп көрдім. Жорабек тығыршықтай семіз, төртбақ және тамакқа тоймайтын жалмауыз екен. Шел қаптаған көзін алайта қарағанда жерге кіріп кете жаздайсың. Айтқан сөзі дерене іске аспаса шапалақпен салып жібереді де, қарап отырады. Мәмлеке келу, түсінік алу деген атымен жоқ. Қайдан тапқанын кім білсін, оның жасырып үстайтын екі жұзді қанжары бар, бар баланың зәрималыны ұшыратын сол.

Бұл ауылда бой жағынан да, дене бітімі жағынан да Жорабекке жуық келетін бала жоқ. Төбелесе кетсе тұра мұрын қанататын Қайып та, күрескенін алып ұратын Берікбай да, жарысканда алдына жан салмайтын Эбди-

ғұл да әзірше Жорабекке жуықтай алмай жүр. Сырттан келген балалардың саны бізден әлдеқайда аз болғанмен Жорабектің арқасында пыстары басып барады.

Бір гажабы, Жорабек мектепте тыныш. Сабак үстінде ен артта отырады да бар баланың қымыл-әрекетін бақылайды. Қөніліне жақпағаның «көкесін» сабактан кейін танытады.

Өзі кітап атаулының бетін ашпайды. Мұғалімнің аузынан не шықса да қағып алып, жадында сақтайды. Ауызша сабакқа жүйрік-ак, тек сүрінер жері — жазбаша. Не орысша, не қазақша сөйлемді қатесіз жаза алмайды. Есепті төрт амалға салып шығарудың орнына ойша қорыта салады. Мұғалімдер алғашқыда Жорабектің жазба жұмысқа олақтығын бетіне салық қылып біраз талқыға түсірмек болды да, қоя қойды. Құллі бала соның ашса-алақанында, жұмса-жұдырығында екенін сезген соң оған тиісідің пайдасы жоқ екеніне қөздері жетіп, класта жалпы тәртіп орнату үшін Жорабекті «класком» қойды.

Мектепте тыныш жүретін Жорабек былай шыққан соң-ак құтырады. Ең алдымен оншақты балаға істелген тамақтың тәттісін өзі жейді. Балалар көжедегі бір-бір түйір етті Жорабектің табағына салады. Оның ішіндегі тіске жұмсағын ғана жеп тойған соң, Жорабек қалғанын өздеріне қайтарып береді. Қөнілі орнында болса Жорабек істі де әділ шешеді: ет түйірін ен алдымен әлсіз, арық балаларға үlestіреді.

Тамаққа тойып алған соң ол төр алдына шалқасынан жатады да, өздері ауылдан ала келген кішкене қарағай домбыраны балаларға кезек-кезек тартқызады. Домбыра білмегендерді шекесінен шертіп мәтек алады. Бұлардың ішіндегі күйге шебері — Жайлайубек «шабарман».

Біздің үйде әжемнің сүрі еті мен құрт-майы барын білген соң-ак Жорабек менің иығыма мініп алды. Мен мұнда, көбінесе, Жайлайубектің күйлерін тыңдауға келе-тінмін. Бір жолы интернатта жатқан балалардың қарны тоймай қалғанына жаңым ашып үйдегі кебежеде тұрган құрт-майдан экелгенде Жорабек мәз болып: «Ей, мынауын қатқанский болды ғой! Тағы бар ма?» деп арқамнан қағып еді, аңқау басым: «Бар! Көп!» деппін ғой! Сол-ак екен, Жорабек күнде сабактан қайтысымен мені үйге жұмсайтын болды. Алғашқыда шошытпайын десе керек, құрт, май экелмесең күй тартпаймыз деп, Жайлайубектің қолындағы домбыраны өзі алып қабыргата ~~сүйеп~~ койды.

Ешкімге әңгіме де айтқызыған жоқ, бәрі бедірейіп менің бетімі қарап қалыпты. Сүтке тиген мысықтай болып сүмірдейіп үйге қайттым.

Кебежедегі құрт-май орта түсіп бара жатқан соң әжемнен қорқып, интернаттағы балаларға баруды доғардым. Әжемнен қорықпаймын-ау, бұл ұрлығымды апам естісе сөз жоқ «құртады». Көбінесе, жасқанатыным сол жағдай.

Бірақ Жорабектен қашып құтылу қайда, қанжарын көрсетіп қорқытатынды шығарды. Мен қауіпті көршідең бір жағынан шын қорықсам, екінші жағынан, күй тыңдағым келіп құрт, майды таси бердім.

Менің үйдегіні түзге тасып жүргенімді әжем біледі, бірақ «тейт» деп қолымнан қаққан емес. Араны ашылған Жорабек үй төбесіндегі асқабақ, қарбыз, қауынғақ пен темекінің жапырағына да қол сала бастады. Мен енді олардан біржола күдér үздім.

Жорабектерден бөлініп Қайыптар тобына қосылып едім, олар бұрынғыдай емес қырын қарап қалыпты. Сірә, мәні олар «шпион» деп ойласа керек. Жорабектер тобына тек күй үрлену үшін ғана барып жүргеніме тіпті сенгілері келмейді.

Тобынан сыйылып шығып кеткеніме Жорабек те кіжініп жүр екен, бір күні кешкүрим ұстап алды да, шапалақпен салып-салып жіберді. Абырой болғанда, апам үйде жоқ еді, әжеме «тасқа сүрініп құлап қалдым» дей салдым. Бет-аузымның көгергені көпке дейін кетпей жүрді.

Қайыпты жасқандыратын жалғыз жағдай — Жорабектің қанжары. Ол кезде ауылда нан кесетін пышактың өзі зәру еді. Менің «шпион» еместігімді, шын қөnlіммен қайтып оралғанымды сынау үшін Қайып сол қанжарды қайткенде де қолға түсіруді мойныма жүктеді. Әрі-бері бұлталақтан көріп едім:

— Онда бізге қосылмайсын. Құрт-майынды көршилеріңе тасып жан баға бер! — деп Қайып тік кетті. «Ұры» аттану қаншама жексүрін іс болғанмен, амал жоқ, көнүге тұра келді.

Жорабектің қанжарды басына жастап жататынын білемін. Бір күні өтірік ауырып мектепке бармай қалдым да, интернаттың сынық терезесінен түсіп қанжарды жымқырып әкеттім.

Жорабек сабактан қайтысымен интернаттың астана-кестенін шығарады. Бар баланы қатар тізіп қойып тінту

жүргізеді. Кейбіреуіне жұдырық көрсетеді, кейбіреуін қылғындырады, бірақ ештеңе өндіре алмайды. Ақыры құдік маған ауса керек, «Жорабек сені шақырып жатыр» деп бір бала сыпсың етіп жетіп келді. Арыстанның аузына өз аяғыммен барып түскенше көппен бірге көрейін деп, әлгі хабарды Қайыптардың тобына жеткізе қойдым. Талайдан бері пісіуі жетіп журген екі жақтың жанжалы осы сәтте лап еткелі түр еді.

Айтқандай-ак, шақыруына келмеген соң, Жорабек тобын ертіп менің ізімше екі ауылдың ортасындағы сайға сау етіп жетіп келді. Қайыптар да қамсыз емес-тұғын. Бар бала жиылып «келсөн келге» бейімделіп тастүйін болып түр.

Әуелі екі атаман — Жорабек пен Қайып баяғының батырларынша жекпе-жекке шығатын болды. Әйтеуір, бір болмай тынбайтын осы айқасқа Қайыптың көптен дайындалып жүргенін білемін. Бірақ әрі бойшаш, әрі жуан Жорабекке оның әлі келмейтіні анық еді; алыса кеткенде астына түсіп қалды. Дегенмен, өжеттік жағы онда жеткілікті, астында жатса да өзінің үйреншікті әдісіне басты: қолы сәл босағанда Жорабектің қонқақ мұрнынан періп жіберді. Мұрны қанаған адам әдетте төбелесе алмайды, Жорабек ыңқ өтіп аунап түсті. Қайып жеңілген Жорабекті майқүйрықтан бір тепті де:

— Издегенің осы ма? Мә! — деп ортасынан қақ бөлінген қанжарды өзенге лақтырып жіберді. Кеше ғана айбынды қөрінген екі жұзді болат су түбінде белі үзілген жыландай сұп-сұық болып жатыр. Сынған қанжарды ешкім де батылы жетіп ала алмады. Жорабек қана мұрнынан аққан қан тыйылмаған соң суга еңкейді. Біз жеңін қораздай қоқиланып, ойынымызды жалғастыру үшін атқора жақтағы қалың маяға қарай кеттік. Өз жағдайының түзелгеніне іштей масаттанып келемін. Енді, әрине, Жорабек маған қоқан-лоққы қөрсете алмайды, қанауынан да құтылдым. Қайып тобына қайта қосылуым да елеулі оқиға. Бұрынғыдай емес, енді олар менің адальғыма көздері жетіп, ішке тарта бастады...

* * *

Бұл, әшейін, балалық кезеңнен жай бір көрініс қана. Бала кезіндегі ереріс, кіжіну, шартпа-шұрт айқастай жүрегінде дақ қалмайды, қазір ұрысын-төбелессен артынша ұмытып кетесің, түк болмағандай ойын қызығына берілесің. Мұндай оқиғалар сенің дә басыңда болған, бір

жақсы жерің — жылап үйге келген емессін, біреудің үстінен шағым айтқанынды да естігеміз жоқ. Бұл жағынан өзіме тартқанынды сеземін де, іштей «тәуба» қыла-мын.

Бала кезде өз қатарынан, бірге ойнап жүрген құрбыларынан «жеген таяғың», көрген жәбірің жүрекке жара салмайды, ен ауыры — әкенін жоқтығы екен. Сен бұл жағдайды білмейсін, саған мұндай сезім мұлде жат. Осы күнге дейін ойлайтыным: Қайып сияқты балалардың қүйттайынан өжет, батыл болып өскендігі — әкесінің барлығы болу керек. Оның әкесі соғыс жылдарында сельсовет председателі, колхоз бастығы болып істеді, ауыл баласына бұдан артық қандай бақыт керек! Меніңше, біздің қатарымызда Қайыптан күші басым басқа бала-лар да бар еді, бірақ ешқайсы оған қарсы келе алмайтын, әйтеуір, бір пысы басып тұратын.

Апамның табыскерлігі, әжемнің еңбеккерлігі арка-сында мен ішім-жемнен кемшілік көргем жоқ, көрген корлығым тек әжемнің жоқтығынан деп білемін. Осы күні менің жасындағылар: «біз балалық бал дәурені бастан өткізе алмадық, көретін қызығымызды соғыс жалмады» деп жазып та, айтып та жүр. Бәрі рас, бірақ ол кезде біз мұны ойлаган жоқпыш, себебі оны ойлауға мүршамыз да келген жоқ, бар қызық өз қатарынан ішінде жүру, қол босай қалса асыр салып ойнау деп білдік. Балабақша, парк, кино, цирк сияқты қиял тербейтін, ой өрісінді кеңейтетін дүниелер бары үш үйқұтасақ ойымызға кел-ген жоқ. Бар білетініміз — мектепте мұғалімдер үрететін сабак, үйге келгенде әжеміз айтатын ертегі-қиссалар. Менің әжем жасында мұсылманша оқыған, ете зейінді, өлеңмен жазылған қиссаларды жатқа айтатын кісі еді. Өзі жанынан қиып өлең де шығаратын. Бәлкім, менің әдебиет жөніндегі ең алғашқы ұстазым да осы әжем бо-лу керек.

Әжемнің маған деген мейірімділігі арқасында мен соғыс біткеніше емін-еркін ойын қызығының жуан орта-сында жүрдім. Таңың атысы, күннің батысы үй қарасын көрмейтінмін. Қөктемде жауқазын, кәреней қазып қыр кезсек, жаз шыға ит жуа, бұлдірген теріп, тау-тастың арасында жүргеніміз. Жалаң аяқ жар кешкенде қалың-дығы бір еліге жетекабыл күс табанымызды қияқ тас тілмейді, кәрі шөңге болмаса анау-мынау ұсақ тікен ала алмайды. Небір қия жарларды, қайрақ тастандарды қара жердей басамыз. Қыстың көзі қырауда болмаса жаз бойы

аяққа түк ілмейміз. Ерте көктемде, кеш күзде қар ала-
қанаттанып жатқанның өзінде үй-үйдің арасына жалан-
аяқ жүгіретінбіз.

Мен осылайша «қаңғырып» жүргенімде қорадағы
азын-аулақ малдың күтімі, олардың қын тазалау, үй
сыпыру, отын тасу — әжемнің мойнында. Осынау кен
мандай, жар қабак, көзінен кейде ерліктің ұшқыны атып
тұратын, кейде мейірім төге қарайтын қараторы кісі жа-
сы алпысқа таяса да қара жұмыстан бір қажыған емес.
Ол кісінің бойындағы қайрат, қажыр арғы бабасы Бөл-
тірік батырдан аудысан деп ауылдағылар айтып
отыратын. Айтса айтқандай, ол кісі әйел болып үй қыды-
ру, өсек айту дегенді білмейтін, тек істін, шаруаның
адамы еді.

Соғыс аяқталып, ел Жеңіс күнін мейрамдағаннан
кейін-ақ менің «тайрандауым жетті». Біреудің әкесі, бір-
еудің ағасы, біреудің жақын бауыры келіп жатқанда
біздің үйге ешкім жиналып той да жасамады, өлең де
айтпады. Осыған дейін тыным таппай ат үстінде жүрген
апам әкемнің тірі еместігіне көзі жетті ме, үйден шықпай
жер бауырлап жатып алды. Қөп ұзамай орнына соғыстан
жарақаттанып қайтқан ауыл азamatының біреуін таға-
йындапты деген хабар шалынды құлағыма. Бұл жағдай
апамды одан әрмен жүдегіп, екі жағы суалып, өні
боп-боз болып кетті. Мектепке завхоз етіп тағайындаған
екен, оны апам місе тұтпады.

Біраз уақыт осылайша жүдеп-жадап жүрген апамның
мінезінде күрт өзгеріс пайда болды. Жоқтан өзгеге ашу-
ланып әжемді де, мені де «куырып жеуге» шықты. Әсіре-
се, әжеме обал — ертеңнен кешке дейін үршық иіртеді,
жүн сабатып, боятады, өрмек тоқытып, текемет бастыр-
тады. Төрт жыл колхоз бастығының орынбасары болып
істегендеге жүнді де атқөпір етіп жинаған екен. (Бұлардың
бәрі тубі іске асатынын алдын ала болжаған-ау деймін).
Әжем де ісмер адам: ертеңнен қара кешке дейін терме
алаша тоқудан, оюлап қызыл ала төкемет басудан бір
жалақпайды. Соғыстан кейінгі екі жыл ішінде ол кісінің
қолымен қызыл, жасыл, көк түстерге боялған жүн мен
ақ, қара қойлардың жүнін араластырып көздің жауын
алатын оюлы он текемет басылғанын білемін. Ал осы
қүнгі паластарынды жолда қалдыратын терме алашала-
рының өзі қашшама! Олардың бәрі кейін менің окуыма,
«ел қатарына косылуыма» жарады...

Зауал менің басыма да орнады. Бұрын қекем барын-

да, еже бауырнда жүргенде байкамайды екем, апам ба-лаға аса катал болып шыкты. Тіпті ол кезде айналып-толғануды, бастаң сипауды білмей ме деп қалдым. Титтей кінәң үшін қолына не туссе сонымен жіберіп ұрады. Бір рет тіпті суға салып сабағаны бар...

Ойын жайына қалды, ертелі-кеш апам неге жұмсаса соны істеймін, көс шелекпен қайнардан су тасу, бұзау суғару, козы ағыту, қорадағы қойды өріске айдау, кезек келгенде оны бағу — бәрі мениң мойнымда. Оны қойшы, бәрінен бұрын диірмен тарту азаң болды. Апам қол диірменді тұра жатарда немесе тан алдында тартады. Зілдей диірменге қолының әлі қелмей ме, өлде жалғыз тартудаң жағыға ма міндettі тұрде мен қолдасуым керек. Шаршағаның өштене емес-ау, бәрінен бұрын таң атпай төсектен тұратының жаман. Бала кездегі азанғы үйқы қандай тәтті! Қалғи бастасам, апам сирағымнан көк шыбықпен салып қалады.

Шешемнің жалғыз балаға соңша неге қатал болғанын ол кезде, өрине, түсінгем жок. Кейін анғарсам, мұның бәрі ашу-ызадан екен. Жасынан жоқшылық көрмей еркін өскен ауқатты ауылдың қызы көлешек өмірі осындаі сүрәнсіз болады деп ойламаса керек.

Өуелде мінезі, түр-тұлғасы, өнері ұнап қалған Конысбай бертін келе апам ойлағандай болып шықпаған. Айлықтан өзге табысы жоқ мұғалімнің жоқ-жұқана тірлігі оның өр көnlін қанағаттандырмаған. Ол ес білгелі өз үйінде күн ара қой сойылып, бір қонақ келіп, бір қонақ кетіп жататын. Ал Конысбайдың керек десе баспанасы да жоқ, әркімнің босаған үйін жалдайды. Тек соғысқа аттарындаған мына бір екі бөлмелі тамның басын қарайтып кетті. Ал апамның арманы бұл емес еді, қатарының алды болып, жорға мініп, қыжым киіп, шәй орамал тарташып, саусағына алтын сақина салып, құлағына күміс сырға тағып бұлғандап жүремін деп ойлаған.

Көкем соғысқа кеткенде апамның колхоз жұмысына құлышынып кіріспін кетуінде де мән бар екен. «Мен еркектен кеммін бе, байсыз да бір үйлі жанды жалғыз асыраймын» деген өркөкіректік те жоқ емес. Шешем шынында тапқан табысымен өз үйін ғана емес, панасыз қалған ағайындарының бір ауыл жанын асырады десе де болғандай.

Қүйеуінен күдері үзілген соң апам басқаша ойға беріліпті! қайтсе де мені оқытып, жетілдіру. Ол үшін мені ойынға жібермей тіршіліктің қатал заңымен шиratып,

тезге салу. «Жасында таяқты көп жеген бала, қара жұмыс істеп піскен бала, есейгенде жинақы, «өжет болады»— апамның өз билетін педагогикасы осы еді. Табиғатымнан мән жалқау екем, көкем де үй тіршілігіне көп қарамаса керек. «Атаң Сары үйқыдан көз ашпайтын еді» дейді. Мен де соларға тартып көп үйқытағанды жақсы көретінмін, үйқыдан көз ашсам — есіл-дертім дала болып тұратын. Оның үстіне, әжемнің жұмсақ бауырында қара жұмысқа мойным жар бермейтін. Енді апамның қарауына көшкен соң жайбаракаттық жайына қалды... Бәлкім, менің кейінірек жақсы оқып, тіршілікке де икем болғаным апамның сол қатты ұстаудын шығар. Әжемнің қарауында жүре берсем босбелбеу, болбыр болып өсер мәдім, кім біледі...

Апамның ендігі үміті де, қалған тіршілігі де маған байланысты болыпты. Анау боялып жатқан жүн-жіп, басылып, тоқылып жатқан алаша-текемет — ертеңің қамы. Ойдағы, қырдағы малды жинастырып, шетінен саттырып, пұлға айналдырыуның да мәні бар: жүкті жеңілдетіп, күйеуінін еліне көшу. Бұл жақта оның аландайтын ешкімі жоқ, шешесі станциядағы кіші қызының қолына көшіп барады. Жалғыз баланы шеттетпей өз еліне алып барса, қай-қайсы болсын құшақ жая карсы алатының біледі. Күйеуім жоқ деп басқа біреудің етегінен ұстамай, шаңырақ шайқалтпай, елін іздеп келген женгесін соғыстан аман қайтқан қайындары бұрышыдан гөрі жақсырақ қолпаштайтыны белгілі. Қонысбайдың Өрісбай деген жалғыз інісі, немере-шәбере, тағы екі-үш ағайындары ауданға орналасып, «бір-бір столға ие болып» отырғақ көрінеді. Әсіресе, шофер болып жұмыс істейтін қайнысы жалғыз інісіне неге қарайлласпасын!

Апамның ойы осындағы мен кейін түсіндім. Төрт жасынан бірге өскен, тай-құлындағы тебіскең жо-ра-жолдастарды қылп кету қандай қын болса да, қырық жетінші жылдың жазында Іле бойына — Бақанасқа жол жүруіме тұра келді... Мектепке баратын уақыт жақындағы қалған-ды. Мен Өрісбай ағаның үйіне барып оқи бермекпін, апам әбден жиын-терін болған соң артымнан көшіп келмек.

* * *

Мен кәдімгі жолаушыдай ауыр чөмоданды мықшия көтеріп поезра мініп жатқанда әжем көзіне жас алып